

АКТ

2026 жылдың ақпанның үші күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Тексерудегі мақсат - тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау.

Тексеру жүргізгендер:

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы - А. Тажмаганбетова
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Е. Жапарбаев
3. Әлеуметтік педагог - А. Асқарова
4. Мектеп медбикесі - М. Әженова
5. Ата-ана - Н. Сарсембаева

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерилер:




1. Мектеп асханасының тазалығы. Ас әзірлейтін блоктың санитарлық жай - күйі.
2. Азық-түліктердің сақталу мерзімі. Тағамға бетбелгі қою.
3. Тәуліктік сынаманың болуы. Тағам өнімдерінің сапасына органолептикалық бақылау жүргізу.
4. Тамақтарды тоңазытқышта, қоймаларда, мұздатқыш камераларда сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі.
5. Перспективалық мәзірдің және күн сайынғы мәзірдің, дайындалған астардың сәйкестігі.
6. Тағам өнімдерінің сертификатпен сәйкестігі, сертификаттардың мерзімі.
7. Қызметкерлердің медициналық тексеруден уақытылы өтуі. Қызметтік формаларының талап сай болуы.


Тексеру барысында өндірістік бөлім мен ас әзірлеу цехтарының санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды. Асхана тазалық талаптарына толық сәйкес келеді. Қойма мен тоңазытқышта сақталған азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімдері тексеріліп, мерзімі өткен өнімдер анықталған жоқ. Барлық тағам өнімдерінде қажетті таңбалар бар, сақтау шарттары белгіленген талаптарға сай ұйымдастырылған. Тәуліктік сынамалар толық көлемде алынып, арнайы тоңазытқышта сақталған.

Дайын тағамдарға органолептикалық көрсеткіштер бойынша (дәмі, иісі, түсі, консистенциясы) бақылау жүргізілген, сәйкессіздіктер тіркелген жоқ. Сақтау орындарындағы температуралық режим санитарлық талаптарға сай. Тоңазытқыштар мен мұздатқыштардағы температура көрсеткіштері арнайы журналға уақтылы тіркелген. Ылғалдылық деңгейі нормаға сәйкес. Дайын тағамдар бекітілген перспективалық және күн сайынғы мәзірге сай әзірленген. Тағам өнімдерінің сапа сертификаттары бар, жарамдылық мерзімдері сақталған. Қызметкерлердің арнайы медициналық киімдері (алжапқыш, халат, бас киім) санитарлық талаптарға сәйкес. Жеке бас гигиенасы ережелері мен медициналық тексеруден өту мерзімдері толық сақталған.

Шешім:

1. Ас блоктарының тазалығын, тамақтың сапасын, құрамын қадағалау медбике мен әлеуметтік педагогқа міндеттелсін.
 2. Тамақ өнімдерін уақтылы қабылдау, тиісті журналдарға тіркеу, күнделікті тәуліктік сынамаларды алуды бақылау және қадағалау асхана меңгерушісі А. Жилкишиеваға міндеттелсі
- Комиссия мүшелері

1. Мектеп директоры, комиссия төрайымы  А. Тажмаганбетова
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы  Е. Жапарбаев
3. Әлеуметтік педагог  А. Асқарова
4. Мектеп медбикесі  М. Аженова
5. Ата-ана  Н. Сарсембаева

Таныстым: Асхана меңгерушісі:  А. Жилкишиева